# KASE АПТАЛЫҒЫ

11– 15 желтоқсан 2023

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2023 жылғы қарашадағы жұмысын қорытындылады.
- KASE ресми тізіміне "Teniz Capital Investment Banking" АҚ KZ2C00010601 (IFDRb1) және KZ2C00010619 (IFDRb2) облигациялары, "РЕСПУБЛИКА" ҚАРЖЫ ХОЛДИНГІ" АҚ KZ1C00015171 (FHRp) жай акциялары, "Ломбард Прогресс" ЖШС KZ2P00010283 (MFLPb1) облигациялары, "Agrobusiness KZ" кредиттік серіктестігі" ЖШС KZ2P00010390 (MFABB1) облигациялары", "BASS Gold" ЖШС KZ2P00010630 (FPSTb3) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00009160 (MFRFb5) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің US91282CBA80 (US_71_2312) халықаралық облигациялары алынып тасталды
- KASE-де АҚШ Қаржы министрлігінің үш шығарылымдағы халықаралық облигацияларымен, "KAZWIND Energy" ЖШС ("КазВинд Energy") KZ2P00010119 (KZWEb1) "жасыл" облигациялары, "Orbis Leasing" ЖШС KZ2P00010184 (ORBSb1) облигациялары және "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00010366 (MFRFb9) облигациялары.
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00010440 (MFRFb10) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "Арнур Кредит "МҚҰ" ЖШС KZ2P00010226 (MFACb2) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәрттіптемесіне ауыстырылды.
- "BCC Invest" АҚ-на "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ-ның KZ2C00010171 (MFOKb16) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берді.
- "Фридом Финанс" АҚ-на "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ-ның KZ2C00010171 (MFOKb16) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі берілді.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 5,0 млн МЕОКАМ-60 52-ші шығарылымын (KZK200000679, MOM060_0052) орналастырды.
- "Orbis Leasing" ЖШС KASE-де KZ2P00010184 (ORBSb1) облигацияларын орналастыру арқылы 230,1 млн теңге тартты.
- "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ" ЖШС (ТАС ФИНАНС ГРУПП) KASE-де KZ2P00010580 (MFTSb1) облигацияларын орналастыру арқылы 8,4 млрд теңге тартты.
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KASE-де KZ2P00010366 (MFRFb9) облигацияларын орналастыра отырып, 366,5 млн теңге тартты.
- "Ел Орда Арнау" ЖШС KASE-де KZ2P00009996 (EOARb1) облигацияларын орналастыру арқылы 1,7 млрд теңге тартты.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009389 (KFUSb51) облигацияларын орналастыру арқылы 10,3 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Fitch Ratings Алматы қаласының рейтингтік бағаларын растады, болжам "Тұрақты".
- "KEGOC" АҚ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша дивидендтер төледі.
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың желтоқсанында Германияға 150 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізуді жоспарлады.
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың 11 айында Ақтау портынан қазақстандық мұнай экспортының көлемін 50 %-ға арттырды.
- "ҚазТрансОйл" АҚ еншілес ұйымы "Астрахань – Маңғышлақ" магистральдық су құбырын жаңғыртуды аяқтады.
- "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС ЕҚДБ-ның екі бағдарламасы бойынша $6 млн көлемінде қаржыландыру алғаны туралы хабарлады.

| 15.12.2023 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 4 148,67 | -0,2 | 1,5 |
| Өтімділіктің бірінші сыныбы | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| | | ТРЕНДЫ | |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 138,28 | 23,5 | 15,2 |
| Bank of America Corporation | 33,83 | 9,6 | 17,5 |
| Ford Motor Company | 11,97 | 5,3 | 1,8 |
| АО "БАСТ" | 7 000,00 | 4,5 | 9,7 |
| Apple Inc. | 197,30 | 1,7 | 6,4 |
| Tesla, Inc. | 245,00 | 1,0 | 6,3 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 162,50 | 0,9 | 8,3 |
| PayPal Holdings Inc. | 62,50 | 0,8 | 14,8 |
| АО "ForteBank" | 3,76 | 0,8 | - 0,5 |
| АО "Кселл" | 1 954,19 | 0,2 | - 0,3 |
| АО "НАК "Казатомпром"" | 18 387,98 | 0,2 | - 1,1 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 1 000,00 | - | 12,2 |
| АО "KEGOC" | 1 482,00 | - | - 0,5 |
| The Coca-Cola Company | 61,61 | - 0,5 | 2,4 |
| NVIDIA Corp. | 482,72 | - 0,5 | - 1,8 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 11 441,00 | - 0,5 | 0,1 |
| АО "КазТрансОйл" | 856,99 | - 0,7 | - 0,8 |
| АО "Казахтелеком" | 31 400,00 | - 1,4 | - 2,2 |
| АО Kaspi.kz | 45 300,99 | - 1,5 | - 1,9 |
| AT&T Inc. | 16,50 | - 2,9 | 5,6 |
| Freedom Holding Corp. | 78,00 | - 3,7 | - 2,5 |
| Intel Corporation | 46,19 | - 3,8 | 20,0 |
| Pfizer Inc. | 27,20 | - 7,3 | - 6,5 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




KASE Global секторына кіретін акциялардың ішінде бағамы 13 %-ға өскен Macy's акциялары үздік динамиканы көрсетті. Pfizer Inc7 акциялары ең нашар нәтиже көрсетті., олар бағасының 9 % жоғалтты.

Бір апта ішінде KASE Индексі елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ, 4 148,67 белгісіне дейін 0,2 %-ға төмендеді.

KASE Индексінің өкілдік тізімінің акциялары көп бағытты саудаланды. Өсім көшбасшылары 0,9 %-ға өскен Halyk Bank акциялары болды. Аптаның нәтижелері бойынша 1,3%-ға төмендеген Қазақтелекомның акциялары сияқты, бағасының 1,5 % жоғалтқан Kaspi.kz акциялары аутсайдер болды.

ҚазТрансОйл акциялары 0,7 %-ға төмендеді.

Жақында ҚазТрансОйл Ақтау портынан Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) Әзірбайжан мұнай құбыры бағытындағы мұнай экспортының көлемін 2023 жылдың қаңтар-қарашада 6 есеге 1,238 миллион тоннаға дейін ұлғайтқаны туралы хабарлады. Ағымдағы жылдың 11 айында Ақтаудан мұнай экспортының жалпы көлемі 50%-ға 3,062 миллион тоннаға дейін ұлғайды. 2023 жылдың желтоқсанында ҚазТрансОйл Германияға 150 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізуді жоспарлап отыр.

KEGOC акциялары бұрынғыдай бір акция үшін 1 482 теңге белгісімен саудалауды жалғастыруда. KEGOC деректері бойынша 2023 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша компанияның таза пайдасы 36,1 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 24,8 %-ға ұлғайды. Көрсеткіш бұрын 31,5 млрд теңге көлемінде жоспарланған 2023 жыл бойы күтілетін таза пайда деңгейінен асып түсті. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында KEGOC жалпы сомасы 20,2 млрд теңгеге бір акцияға 77,74 теңге мөлшерінде жай акциялар бойынша дивидендтер төледі.

Қазатомөнеркәсіп пен Кселл акциялары символдық түрде 0,2 %-ға өсті.

KASE борыштық нарығында бірнеше орналастыру орын алды.

"R-Finance" микроқаржы ұйымы KASE-где 366,5 млн теңге тартып, өзінің үш жылдық облигацияларын жылдық 25 %-бен орналастырды. "TAS FINANCE GROUP" микроқаржы ұйымы өзінің екі жылдық облигацияларын KASE-де жылдық 22 %-бен орналастыра отырып, 8,4 млрд теңге тартты. "Orbis Leasing" ЖШС бір жылдық жылдық облигацияларын 20 %-бен орналастырып, 230,1 млн теңге қарызға алды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 4,9 млрд теңге көлеміндегі МЕКАМ-дарды 2 жылдан астам мерзімге 13 %-бен орналастырды.

KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде саудалана отырып, жылдық 14,8 %-дан 14,75 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана жасай отырып, жылдық 11,00 %-дан 10,00 %-ға дейін төмендеді.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




### Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қараша айының қорытындысы бойынша теңге бағамы АҚШ доллары үшін 2,4%-ға 458,24 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 155 млн АҚШ долларынан 192 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке қаражат жіберу және "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акцияларын сатып алу үшін Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету үшін валютаны сату қараша айында 1320 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 31 % құрап, күніне 60 млн АҚШ долларынан аспайтын соманы құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк қараша айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 5 % құрады.

"Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (ҚДКБҚ) активтерінің валюталық үлесін ұлғайту шеңберінде Ұлттық Банк қараша айында 70 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатып алуды да жүзеге асырды.

Қараша айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің қолда бар болжамды өтінімдерінің негізінде желтоқсан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлап отыр. Желтоқсан айында БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін қолдау үшін валютаны сатып алу 100-ден 200 лн АҚШ долларына дейін, ҚДКБҚ активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін валютаны сатып алу – 30-дан 50 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.23)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2023, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 584,29 | 1,70 | 1,18 | 3,68 |
| USDKZT | 457,44 | -0,04 | -1,73 | -1,52 |
| EURKZT | 501,26 | 1,66 | -0,00 | 0,79 |
| CNYKZT | 64,38 | 0,75 | 0,39 | -4,29 |
| RUBKZT | 5,11 | 2,40 | 0,20 | -21,00 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 4 719,19 | 2,5 | 4,8 | 21,1 | 2,3 |
| Dow Jones | 37 305,16 | 2,9 | 6,6 | 12,4 | 2,8 |
| РТС | 1 060,64 | 0,6 | -6,5 | 1,8 | 0,6 |
| ММВБ | 3 033,89 | -1,5 | -5,6 | 42,7 | 0,6 |
| Hang Seng | 16 792,19 | 2,8 | -7,1 | -13,3 | 2,9 |
| SS CSI 300 | 3 341,55 | -1,7 | -7,4 | -15,4 | -1,7 |
| Euro Stoxx 50 | 4 549,44 | 0,6 | 5,4 | 18,6 | 1,4 |
| FTSEuroFirst | 5 057,00 | 0,3 | 4,1 | 12,4 | 0,3 |
| FTSE 100 | 7 576,36 | 0,3 | 1,2 | 2,0 | 0,5 |
| KASE | 4 148,67 | -0,2 | 1,5 | 29,5 | |

## Шикізат нарығы

15.12.2023

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 76,55 | 0,9 | -5,7 | -5,7 |
| Мұнай (WTI) | 71,43 | 0,3 | -6,8 | -6,1 |
| Табиғи газ | 2,49 | -3,5 | -21,9 | -64,3 |
| Мыс | 388,50 | 1,7 | 4,5 | 3,2 |
| Темір | 1 007,00 | -3,0 | -0,2 | 19,7 |
| Алтын | 2 019,62 | 0,7 | 3,0 | 13,7 |
| Күміс | 23,87 | 3,9 | 1,4 | 3,2 |
| Астық | 629,25 | 2,3 | 12,3 | -16,9 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| Күні | Уақиға | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 19.12 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қараша) | EUR | 2,4% | 2,9% |
| 20.12 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қараша) | GBP | 4,3% | 4,6% |
| 20.12 | Шикі мұнай қоры | USD | | -4,259M |
| 21.12 | ЖІӨ (т/ т) (3 тоқс.) | USD | 5,2% | 2,1% |
| 21.12 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 218K | 202K |
| 22.12 | ЖІӨ (ж/ж) (3 тоқс.) | USD | 0,6% | 0,6% |
| 22.12 | Ұзақ мерзімді тауарларға базалық тапсырыстар (а/а) (қараша) | USD | 0,2% | 0,0% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Көрсеткіш | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 10,3% | 01.12.23 | 11,8% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 34,1 | 01.12.23 | 34,0 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 10 126,5 | 01.12.23 | 9 620,6 |
| Ақша масса, млрд KZT | 35 674,6 | 01.12.23 | 35 566,8 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Агенттік | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 әлсіз | 03.03.23 | BBB-/A-3 негативті |
| Moody's | Baa2/позитивті | 27.10.23 | Baa2/әлсіз |
| Fitch Ratings | BBB/әлсіз | 17.11.23 | BBB/әлсіз |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023